

20. Жақсы адам елдің ырысы,  
Жақсы жер - жанның тынысы.
21. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
22. Батыр туса-ел ырысы,  
Жанбыр жауса-жер ырысы.
23. Су жүрген жер – береке,  
Ел жүрген жер – мереке.
24. Ел ағасыз болмас,  
Тон жағасыз болмас.
25. Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.
26. Ағаш кессен, ұзын кес-қысқартуың оңай,  
Темір кессен, қысқа кес-ұзартуың оңай.
27. Көз жетпеген жерге,  
Сөз жетеді.
28. Еменнің иілгені - сынғаны,  
Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені.
29. Кісі болар баланың,  
Кісіменен ісі бар.  
Кісі болмас баланың,  
Кісіменен несі бар?
30. Атаниң баласы болма,  
Адамның баласы бол.
31. Бейнетсіз рахат жоқ.
32. Адам болатын бала,  
Алысқа қарайды.
33. Өзін –өзі басқарған ер бақытты,  
Өзін –өзі билеген ел бақытты.
34. Ел көркі – мал,  
Өзен көркі – тал.
35. Шебердің қолы ортақ,  
Шешениң сөзі ортақ.
36. Туган елдей ел болмас,  
Туган жердей жер болмас.
37. Балалы үй базар,  
Баласыз үй мазар.
38. Ақыл - тозбайтын тон,  
Білім - таусымайтын кен.
39. Талап - талмас қанат.